

7. Әкімов, Ж. (2024). Socio-economic importance of the tourism industry in Kazakhstan and its development strategies. Bulletin of the International University of Tourism And Hospitality, (III) (5), 28-45.
8. Moldagaliyeva, A., Aktymbayeva, A., Issakov, Y., Assylbekova, A., Kenzhalin, K., Beisembinova, A., ... & Dávid, L. D. (2024). Socio-economic significance of tourism development on the great Silk road (Kazakhstan section). Geo Journal of Tourism and Geosites, 52(1), 116-124.
9. Kozbagarova, N., Abdrassilova, G., & Tuyakayeva, A. (2022). Problems and prospects of the territorial development of the tourism system in the Almaty region. Innovaciencia, 10(1), 1-9.
10. Mamirova, K. N. (2023). Spirituals the territory of Kazakhstan as objects tourist and recreation direction. Nature & Science. -P. 5(2).
11. Nasimovna, B. Z. (2024). Optimizing tourist-recreational resources for sustainable growth in tourism markets. EUROPEAN JOURNAL OF BUSINESS STARTUPS AND OPEN SOCIETY, 4(6), 281-285.
12. Mandić, A., Mrnjavac, Ž., & KordiĆ, L. (2018). Tourism infrastructure, recreational facilities and tourism development. Tourism and hospitality management, 24(1), 41-62.

FTAMP 38.47.01

ҮРЖАР АУДАНЫНЫҢ ГЕОМОРФОЛОГИЯЛЫҚ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

¹Тумажанова М.О., ²Муздыбаева К.К., ³Тумажанова С.О.

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
tumazhanova@mail.ru

² әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Үржар ауданының жер бедерінің ерекшеліктері оның рекреациялық қызметтерді ұйымдастыруға әсері қаралады. Ауданның геоморфологиялық ресурстарының экологиялық туризмді дамытудағы рөлі талданды. Бедердің экологиялық туризмді дамытудағы маңызы анықталды. Геоморфологиялық ресурстар экологиялық туризмді дамытуда маңызды рөл атқарады. Олар табиғи ландшафтардың әртүрлілігі мен ерекшеліктерін көрсетіп, туристердің қызығушылықтарын артырады.

Түйін сөздер: экологиялық туризм, геоморфологиялық ресурс, рекреант, экологиялық туризм, бедер

Кіріспе. Бедер - географиялық ландшафтың және географиялық ортаның негізгі бөліктерінің бірі. Сондықтан бедер географиялық ортаның өзге құрам бөліктерімен бірге зерттелуі тиіс. Мұның өзі геоморфологияның физикалық географиямен және басқа географиялық ғылымдармен тығыз байланысты екендігін көрсетеді [1]. Геоморфологиялық ресурстардың экотуризмге әсері табиғи көрікті жерлер таулар, үңгірлер, сарқырамалар сияқты геоморфологиялық құрылымдар туристерді қызықтырады. Геоморфологиялық ерекшеліктер спорттық және сауықтыру туризмін дамытуға мүмкіндік береді. Геоморфологиялық нысандар ғылыми туризм үшін маңызды табиғаттың даму тарихын зерттеуге мүмкіндік береді. Геоморфологиялық нысандарды аралау арқылы туристер табиғаттың әртүрлілігі мен оның сақталуының маңыздылығын түсінеді. Бұл экологиялық сананың қалыптасуына ықпал етеді.

Бедер табиғи кешеннің басты физиономиялық ерекшеліктерін анықтайды, аумақтың сыртқы келбетін қалыптастырады, пейзаждардың эстетикалық қасиеттері рекреанттарға эмоциялық әсер етеді. Туристерді орналастыру базаларын салу және демалу орнын таңдау кезінде аумақтың осы эстетикалық қасиеттері шешуші себеп болып табылады. Геоморфологиялық рекреациялық ресурстар - медициналық-биологиялық, психологиялық-эстетикалық қасиеттері бар және адамның демалуға, күш пен денсаулықты қалпына келтіруге қажеттілігін қанағаттандыру үшін пайдаланылатын бедер нысандарының үйлесімі. Бедер - кез келген экожүйенің ландшафтының негізі, сондықтан рекреациялық әлеуетті бағалау кезінде аумақтың геоморфологиялық ерекшеліктерін қарау қажет. Геоморфологиялық ресурстар өңірлік және аумақтық аспектілері айқын көрінетін табиғи

рекреациялық ресурстарға жатады. Бедер - бұл аумақтарды рекреациялық пайдалануда белгілі бір емдеу-сауықтыру рөлін атқаратын фактор. Емдеу-сауықтыру мекемелері әдетте, 1000 м биіктікке дейін жазықта, тау бөктерінде және аласа тауларда орналастырады. Емдеу үшін жергілікті жердің ерекше табиғи жағдайларын (таза ауа, атмосфералық қысым, оттегі мен озон құрамы және т.б.) пайдаланылатын биік таулы (2000-3000 м астам биіктікте) курорттар да бар. Жазық, тау бөктеріндегі және таулы жерлердегі курорттарда демалушыларға жаяу жорықтар, туристік маршруттар ұйымдастырылады. Маршруттың күрделілігі жергілікті жердің биіктігіне, беткейлердің тіктігіне, оның қашықтығына және трассада кедергілердің болуына байланысты[2].

Бастапқы деректер және зерттеу әдістері. Мақала жазу барысында сапалық әдістер (деректерді жинау, теориялық ақпараттарды талдау әдісі) қолданылды. Үржар ауданы Абай облысының оңтүстік шығыс бөлігінде орналасқан және жер аумағы 12 мың км². Үржар ауданы батысы мен солтүстік-батысында облыстың Аягөз, солтүстігінде Ақсуат, шығысында Мақаншы аудандарымен, ал оңтүстігінде Жетісу облысының Алакөл ауданымен шектеседі. Географиялық орналасуының қолайлығы ауданішілік, ауданаралық, облысаралық, халықаралық маңызы бар туризмді дамытуға мүмкіндік туғызады. Аудан аумағында экотуризм, жаяу, велосипед, автотуризмді дамытуға мүмкіндік бар. Ауданда экологиялық туризмді дамыту үшін көптеген геоморфологиялық нысандар бар.

Нәтижелері. Үржар ауданының жер бедері едәуір күрделі. Егер оның солтүстік жағын Тарбағатай жотасының батыс сілемдері Қарауылтөбе, Ақтас (1316 м) және Ақшәулі (618 м) таулары алып жатса, оңтүстік жағын Тарбағатай жотасының оңтүстік ұсақ шоқылы беткейі мен Алакөл ойысының солтүстік бөлігі, ал оңтүстік-шығыс бөлігін Бармақ құмы мен Қосай шағылы, Көрпекбай (568 м), Бақты (1273 м), Арқарлы және Арасан таулары алып жатыр. Осыған байланысты ауданның жер бедері солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай едәуір еңіс келеді. Аудан жерінде Тарбағатай жотасының ең биік жерлері Атбас тауы (2263 м) мен Тастау (2992 м) таулары және Тікжолдана, Қызасу, Ақшоқы, Кіші Сырғанақ асулары орналасқан. Кен байлықтарынан құрылыстық тастар мен кірпіштік саздар бар.

Тарбағатай таулары батысында екі айрықты антиклинория болып келеді, шығысында тұтас блок құрайды. Неотектоникалық көтерілу тоқталмаған, сол себепті 5-6 баллдық жер сілкінулер болып тұрады. Орта, аласа биіктіктегі және тау етегінің бедері палезой дәуірінің шоғырланған жыныстарынан (туф, кварцит, конгломерат, алевролит, әктас, құмдақ және т.б.) қалыптасқан. Интрузивті жыныстар кең таралған. Гранит интрузивті массивтері Ақжайлау, Өкпекті, Батпақ, Қойтас, Подгорненскте таралған. Тауаралық және тауалды жазықтары неоген мен төрттік кезеңнің саз, құмдақ, конгломерат, саздақтарынан құралған. Оңтүстік баурайының етегінде Тарбағатай бедеріне тән денудациялық тау бөктері орналасқан. Тау етегінде аллювиальды-пролювиальды жазықтар қалыптасқан. Тарбағатайда қазіргі заманғы мұздану жоқ, жотаның су бөлінген бөлігінде мұзданудың іздері ғана сақталған: ұзындығы 5-7 км дейінгі Ақшоқы, Келдімұрат, Нарын өзендерінің жоғарғы сағаларындағы соқпақтар. Өзен алқаптарында жайылмалар мен 3-4 жайылмалы террасалар кешені дамыған. 2200-2700 м биіктікте солифлюкция бедер формалары кеңінен таралған[3].

Үржар ауданының жер беті сулары Балқаш-Алакөл алабына жатады. Ауданның су ресурстары өзендер, көлдер, жер асты сулары, минералды бұлақтардан тұрады. Оңтүстік беткейіндегі ең ірі өзендері Қарақол, Үржар, Егінсу, Көктерек, Көлденен және Ақшоқы болып табылады. Кішігірім өзендері бастауын бұлақтан алып, төменгі етегіндегі құмдықтарға сіңіп кетеді. Тарбағатайдың барлық өзендерінің аңғары таулы жазықтарға шыққанға дейін терең, каньон тәріздес шатқалдарда ағатын тік пішінді болады. Мұнда шағын сарқырамалар пайда болған. Таулардан жазыққа шыққан кезде өзендер алабын кеңейтеді, көптеген тармақтарға бөлінеді, бұл аумақтың рекреациялық тартымдылығын күшейтеді, себебі өзен жайылмалары жергілікті халық үшін демалуға қолайлы. Мұнда балалар, еңбек және демалыс лагерлері орналасқан. Жаяу, велосипед, ат, ауыл,

экологиялық, этнографиялық және туризмнің басқа да көптеген түрлерін ұйымдастыруға болады.

Тарбағатай тауының оңтүстік бөктері бойымен Қарамайлы, Үржар және Науалы ауылдарының ауданында төменгі төрттік дәуірдің лёсс тәріздес балшықтар кеңінен дамыған. Саздақтары сарғыш-қоңыр түсті, орташа, тығыз, карбонаттар мен гипстің сирек конкрециялары бар, тұз қышқылымен тез реакцияға түседі. Саздақтардың қуаты 30-53 м дейін өзгереді, Олар таулар шегінде палеозой жыныстарында жатыр. Сазбалшықтардың төменгі төрттік жасы олардың стратиграфиялық жағдайы негізінде қабылданады. Мысалы, тау бөктерінде олар түйіршіктер, ал ойпаттарда эол құмдарымен жабылады. Төменгі лейстоцен шөгінділерінде ажырамаған қызғылт, қатты карбонатталған, кеуекті саздақтар мен орта ұсақ лейстоцен жасындағы құмыралар жатыр. Дәл осындай лёсс тәріздес саздақтарда Үржар ауылы маңындағы археологиялық нысандар сақталған[4].

Тарбағатайдың оңтүстік бөлігіндегі тау алды жазықтары рекреациялық мақсаттарда аз пайдаланылады, себебі оның басым бөлігі ауыл шаруашылығы алқаптарымен қамтылған. Үржар ауданы негізінен қой, ет-сүт бағытындағы ірі қара мал және дәнді дақылдар өсірумен айналысады. Ауыл шаруашылығына жарамды жерінің аумағы 2265,3 мың га, оның ішінде 376,3 мың га-сы егістік, 102,9 мың га-сы шабындық, 1786,1 мың га-сы жайылым. Үржар ауданының рекреациялық-геоморфологиялық объектілері көрсетілген.

1 - кесте - Үржар ауданының рекреациялық-геоморфологиялық объектілері

Атауы	Рекреациялық функциялары	Статусы
Тарбағатай тауы: Қарауылтөбе, Ақтас (1316 м), Ақшәулі (1618 м), Атбас (2263 м), Тастау (2992 м)	Кешенді (сауықтыру, спорттық, танымдық)	Кешенді (ландшафтық, биологиялық, гидрологиялық, мәдени-тарихи, геология-геоморфологиялық)
Көрпембай (568 м), Сиректау (592 м), Қолдар тауы (466 м), Жақып тауы (700 м)	Кешенді (спорттық, танымдық)	Кешенді (ландшафтық, биологиялық, мәдени-тарихи, геология-геоморфологиялық)
Тарбағата МҰП	Кешенді (спорттық, танымдық, тәрбиелік)	Кешенді (ландшафтық, биологиялық, геология-геоморфологиялық)
Сасықкөл	Кешенді (емдік, сауықтыру, спорттық, танымдық)	Кешенді (ландшафтық, биологиялық, гидрологиялық, геология-геоморфологиялық)
Алакөл ойысы	Кешенді (емдік, сауықтыру, спорттық, танымдық)	Кешенді (ландшафтық, биологиялық, гидрологиялық, геология-геоморфологиялық)
Үржар, Қарақол, Егінсу және т.б. өзендері	Кешенді (спорттық, танымдық, тәрбиелік)	Кешенді (ландшафтық, биологиялық, гидрологиялық, геология-геоморфологиялық)
Ескерту: авторлармен құрастырылды		

1 – кестеде Үржар ауданының рекреациялық-геоморфологиялық объектілерінің рекреациялық функциялары көрсетілген. Ауданның рекреациялық-геоморфологиялық

объектілері кешенді яғни, емдік, сауықтыру, спорттық, танымдық қызметтер атқарады. Ауданның рекреациялық-геоморфологиялық объектілерінің мүмкіндіктері толық пайдаланылмай отыр. Ауданның рекреациялық-геоморфологиялық объектілерінде инфрақұрылым, сервистік қызметті жетілдіру қажет.

Тарбағатай тауы бальнеологиялық және рекреациялық әлеуетке ие. Тау бедері рекреациялық қызметтің белсенді нысандарын дамытудың басты факторларының бірі болып табылады: тау және жаяу жүргіншілер туризмі, тау шаңғысы спорты, альпинизм, сауықтыру-танымдық демалыстың дамуына ықпал етеді. Тау шатқалдарында жартастағы суреттер, өзен аңғарларында сақ қорғандары табылған. Минералды сулардың негізгі көздері де тау етегі мен таулы белдеуде орналасқан. Бұл емдеу-рекреациялық қызметтің дамуына әсерін тигізеді.

Ерекше қорғауға алынған табиғи аумақтар экотуризмнің негізі болып табылады, олар өсімдіктер мен жануарлардың бірегей және осы өңірге тән түрлерін, олардың таралу ареалдарын, табиғи объектілерді немесе жүйелерді (көлдер және т.б.) қорғау, қалпына келтіру үшін құрылады. Үржар ауданында «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Қазақстан Үкіметінің 2018 жылғы 27 маусымдағы №382 қаулысына сәйкес құрылған. «Тарбағатай» ұлттық паркі Тарбағатай жотасының оңтүстік беткейінің, сондай-ақ Қарабас және Арқалы тауларының және Үржар, Қатынсу, Емел өзендерінің аңғарларының табиғи жүйелерін сақтау үшін құрылған. Ұлттық парктің құрылу мақсаты биологиялық және ландшафтық әртүрлілікті сақтау, ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар бірегей табиғи кешендер мен мемлекеттік табиғи қор объектілерін табиғи қорғау мақсатында пайдалану. Ұлттық парктің ауданы - 143 550,5 га. Ұлттық паркті ұйымдастыру ағаштар мен бұталардың сирек кездесетін түрлерін (Сиверс алма ағашы, Ледебур бадамы, Алтай бөріжидегі және т.б.), сондай-ақ шөпті өсімдіктерді (ақшыл сепкілгүл, қар дәу аяғы, инелі кекек және т.б.) сақтауды көздеді. Мұнда Сауыр-Тарбағатай жотасының жасыл шыңдары мен Қарабастың шөлді тас таулары және Арқалының сары құмды төбелері, Үржар, Қатынсу мөлдір өзендері және Емел өзенінің алтын құмды аймағы бар. Ұлттық паркте саяхаттаушылар саны жыл өткен сайын артып келеді. Ұлттық паркте ұйымдастырылатын туристік маршруттардың бағыты көрсетілген:

- «Әлемді». 162 шақырым, автокөлік жолы - 159 км, жаяу жол - 4 км, уақыт ұзақтығы - 8-20 сағат. Негізгі географиялық пунктер атауы - Үржар ауылы, Некрасовка ауылы (қайнар, таза су), Сарқырама (биіктігі 10 метр), Кіші әлемді сайы (Қара мола, Жеті кезең жолы, Тассай сайы), Әлемді шатқалы, «Шипалы су» емдік бұлағы, «Әулие үңгір», Балбал тастар;

- «Қусақ». 84 км оның ішінде: автокөлікпен жүріп өту - 80 км, жаяу - 4 км, ұзақтығы 7-10 сағат. Негізгі географиялық пунктер атауы - Үржар ауылы, Көкөзек ауылы, су бөгеті, «Горлачев» саңылағы және «Көгершін» саңылағы, Құсақ шатқалы, «Алма жүрек» шатқалы, «Маралды» шатқалы, омарта, Сарқырама;

- «Әлет». 94 км, оның ішінде: автокөлікпен жүріп өту - 92 км, жаяу - 2 км, ұзақтығы 6-25 сағат. Негізгі географиялық пунктер атауы - Үржар ауылы, Қазымбет ауылы (Қарау алаңы, шаңғы базасы), «Семейханов» омартасы, Шлагбаум, «Ережеп» сайы, «Солдат саңлағы», «Аюсай», «Әлет» ботаникалық бағы;

- «Қарабас». 127 км, оның ішінде: автокөлікпен - 123 км, жаяу - 4 км, маршруттың ұзақтығы 9 км. Негізгі географиялық пунктер атауы - Үржар ауылы, Мақаншы ауылы, Қаратал ауылы, Бақты ауылы, Мао тауы, Көртөбе шоқысы, Шлагбаум петроглифтер, ПХК (Ішкі істер халық комиссарияты) мөрі.

Маршруттардың жұмыс істеу мерзімі маусым айының ортасынан қазан айына дейін. Туристік және рекреациялық аймақта рекреациялық жүктемелерді шектеу мақсатында, маусымдық қолданыс кезінде өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесіне кедергі келтірмей, айына 20-50 адамнан, сонда маусым бойы 200 адамға дейін жүріп өтуге жол беріледі [5].

Үржар ауданында жартастардан петроглифтердің топтары табылды. Олар Текебай, Молдажар, Еспе, Ақжал, Ақжайлау және Оралбай жерлерінде орналасқан. Суреттер әр түрлі кезеңдерге жатады және будда мәдениетіне жатпайды. Бұл жабайы және үй жануарларының, сондай-ақ антропоморфты фигуралар мен аң аулау көріністерінің бейнелері. Үржар ауданында басқа да ерекше орындар бар. Мысалы, Таскескен ауылының төңірегінде ерекше шабындық бар, оған белгісіз алыптар кескіндемелі тастарды қойған сияқты. Олардың біреуін жергілікті тұрғындар Тасбақа деп атады, бұл сұр жартас ежелгі жорғалаушыға тым ұқсайды. Нысанда көптеген тесіктер, «көздер» орналасқан, олардың шығу тегі әлі белгісіз. Сол шалғынның төңірегінде Мысырдағы ежелгі құпия мүсінді бейнелейтін сфинкс жартас орналасқан.

Қорытынды. Үржар ауданының жер бедері алуан түрлілігімен ерекшеленеді (жазықтықтан биік тауларға дейін) және рекреациялық қызметті дамытудың негізгі факторларының бірі болып табылады (экотуризм, альпинизм, танымдық, санаторий-курорттық іс және т.б.). Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері Абай облысы Үржар ауданы аумағында экотуризмді қалыптастыруға негіз болатын геоморфологиялық ресурстардың бар екендігін көрсетті. Үржар ауданы географиялық орналасуының қолайлығымен, геологиялық-геоморфологиялық объектілердің болуымен, флористикалық, фауналық әртүрлілігімен, бірегей ландшафтары мен экожүйелерімен ерекшеленеді. Географиялық орналасуының қолайлығын, табиғи, бай тарихи-мәдени мұраның, басқа да әлеуметтік-экономикалық факторлардың болуын ескере отырып, ауданның экологиялық және туризмнің басқа да түрлерін қалыптастыру және дамыту үшін болашағы зор. Туристік маршруттар, танымдық және табиғат қорғау маңызы бар экологиялық соқпақтар құрылуы тиіс. Ауданда туризмді дамыту бағыты бойынша: емдеу-сауықтыру, мәдени-танымдық, экологиялық түрлерін дамытуға болады. Үржар ауданының жер бедері табиғи ерекшеліктері мен ландшафтары туризмнің әртүрін дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша ауданның геоморфологиялық ресурстары экологиялық туризмнің дамуына елеулі үлес қосады. Табиғи нысандарды сақтау мен оларды тиімді пайдалану экотуризмнің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Құсайынов С.А. Жалпы геоморфология: Оқулық, 3-баспа – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 368 б.
2. Галачиева Л. А. Рекреационный потенциал геоморфологических ресурсов территории Кабардино-Балкарии. Известия ДГПУ, №2, 2015. -110-113 с.
3. Вилесов Е.Н., Науменко А.А., Веселова Л.К., Аурбеков Б.Ж. Физическая география Казахстана. – Алматы: Казак университеті, 2009. – 362 с.
4. Нигматова С.А., Байтанаев Б.А. Карпологический анализ материалов кургана урджар. Қазақстан археологиясы № 4 (6) 2019. – 64-78 с.
5. Парк жайында [Электрондық ресурс] // «Тарбағатай» ұлттық паркінің ресми сайты [web-сайт]. – д. ж. – URL: <https://tarbagatai-park.kz/kz/> (Қарау уақыты: 07.12.2024).